

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS  
of the XIX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024  
Астана**

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001**

**ББК 72**

**G99**

**ISBN 978-601-7697-07-5**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

космополитизации коммеморации важно анализировать сложные взаимосвязи между национализмом и космополитизмом.

*Заключение.* Изучение коммеморации представляет собой важный аспект для понимания коллективной памяти и социокультурных динамик общества. Коммеморация не только является ритуалом, позволяющим эмоционально связать людей с прошлыми событиями, но и отражает сложные аспекты национальной и транснациональной идентичности, времени и глобализации.

Исследовательское сообщество сталкивается с вызовом расширения своих теоретических и эмпирических подходов для более полного понимания многофункционального явления коммеморации. Взаимодействие между национальными и транснациональными формами памяти требует дальнейшего изучения и анализа. В этом контексте важно обратить внимание на теории Хальбвакса, Александера, а также на динамику политических конфликтов внутри коммеморативных практик. Анализ социологических идей свидетельствует о необходимости междисциплинарного исследования процессов коммеморации для более глубокого понимания не только прошлого, но настоящего.

#### Список использованных источников

1. Хальбвакс М. Социальные рамки памяти. - М.: Новое издательство, - 2007, - 348 с.
2. Collins R. Interaction Ritual Chains. - Princeton: Princeton University Press, - 2004, - 464 p.
3. Alexander J. C. Cultural pragmatics: Social performance between ritual and strategy // Sociological theory. - 2004. - №4. P. 527-573.
4. LaCapra D. Writing History, Writing Trauma. Baltimore: Johns Hopkins University Press, -2001, - 226 p.
5. Fine G.A., Beim A. Introduction: Interactionist Approaches to Collective Memory // Symbolic Interaction. - 2007. - №30. - P. 1–5.
6. Wagner-Pacifici R., Schwartz B. The Vietnam Veterans Memorial: Commemorating a Difficult Past // American Journal of Sociology. - 1991. - №97. - P. 376–420.
7. Zolberg V. Contested Remembrance: The Hiroshima Exhibit Controversy // Theory and Society. - 1998. - №27. - P. 565–590.
8. Saito H. Reiterated Commemoration: Hiroshima as National Trauma // Sociological Theory. - 2006. - №24. - P. 353–376.
9. Abbott A. The Historicality of Individuals // Social Science History. - 2005. - №29. - P. 1–13.
10. Levy D., Sznajder N. The Holocaust and Memory in the Global Age. Philadelphia: Temple University Press, - 2006, - 234 p.

УДК 808.1

#### ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІ

**Шаимбетова Айымгуль Гадылхановна**

[shaimb.aim13@gmail.com](mailto:shaimb.aim13@gmail.com)

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті «Философия және этика» білім бағдарламасының студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – Р. Кемербай

Фольклор — халық шығармашылығы, яғни аңыздар, қиссалар, ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар және т.б. Ертегі – фольклордың негізгі жанрларының бірі. Ертегі жанры – халық прозасының дамыған, көркемделген түрі. Оның мақсаты – тыңдаушыға ғибрат ұсынумен бірге эстетикалық ләззат беру. Ертегінің атқаратын қызметі кең:

ол әрі тәрбиелік, әрі көркем-эстетикалық әдеби қазына. Ертегінің бүкіл жанрлық ерекшелігі осы екі сипатынан көрінеді. Сондықтан ертегілік прозаның басты міндеті – сюжетті барынша тартымды етіп, көркемдеп, әрлеп баяндау.

Қазақ ертегілерін ең алғаш зерттеп, жинақтаған Шоқан Уәлиханов, Г.Н. Потанин, В.В. Родлов, А.Е. Алекторов, А. Ивановский, Л. Исаков, О. Әлжанов, Р. Дүйсенбаев, М. Көпеевтер болса, кейін Э. Дидаев, Н. Пантусов, А. Мелков, М. Әуезов, С. Сейфуллин, М. Ғабдуллиндер зерттеп жинақтай бастады. Бұл зерттеушілердің барлығы да ертегілерді адам баласының арман мүддесі, болашақтан күтетін үмітінен, қиялынан туған деп қарастырады.

Қазақ ертегілерін мазмұнына, әр алуан ерекшеліктеріне қарай бірнеше түрге бөлеміз:

- 1) қиял-ғажайып ертегі;
- 2) хайуанат жайындағы ертегі;
- 3) сыншыл ертегілер.

Ал сыншыл ертегілер қазақ фольклорында ең көп болу себепті оның түрлері де әр алуан. Сондықтан сыншыл ертегілер өзара үш түрге бөлінеді:

- а) салт ертегілер;
- б) күлдіргі ертегілер;
- в) аңыз ертегі.

Қазақ халық ертегілері — ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан көлемді саласының бірі болып табылады. Қазақ халық ертегілері – қазақ халық ауыз әдебиеті ішінде атадан балаға мұра ретінде беріліп, ерте заманнан бастап бүгінгі күнге дейін даму, өсу, толығу үстінде келе жатқан асыл мұра. Халық ертегілерінің асылдық қасиеті, оның дүниеге келуі сонау ерте заман болса да, бүгінгі біздің дәуірімізде қажеттілігі күшейіп мән — мағынасының артып отырғандығында. Ертегілер халқымыздың тарихын, дүниетанымын, тұрмысы мен салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, нанымы мен сенімін білдіреді. Ертегілер қоғам дамыған сайын адамның да ой-санасын өскен, өмірге деген көзқарасы өзгереді. Қазіргі заманның жетістіктерін көре отырып, ертегі оқиғаларындағы халық арманының іске асқаның байқаймыз.

Қазақ ертегілері өзінің тақырыптары, көтерген мәселелері, мазмұнына байланысты қиял-ғажайып ертегілері, тұрмыс-салт ертегілері, хайуанаттар туралы ертегілер, сыншыл ертегілер болып бөлінеді.

Қиял-ғажайып ертегілердің оқиғасы қиялға, фантазияға құрылады, өмірде болмайтын нәрселер туралы баяндалады. Бұндай ертегілердің ең көне арғы түбін халықтың мифтік ұғым-нанымдарымен байланыстырады. Дүниенің жаратылыс сыры, адам тұрмысымен, ертеде иланған көп құдайлары, қас ие, дос иелері жөнінде неше алуан бұлдыр-долбар сырлы хиял-ғажайып ұғым-нанымдар жасап алып ерте күндегі халық соны дін және білім есебінде тұтынғанын айтады. Бұл ертегілердің айтылуында өзінше басталу, өзгеше аяқтаулар болады. Өңгімелеу үстінде белгілі бір кезеңдерде арнаулы кейіпкерлер оқиғаға араласқандай айнымай айтылып отыратын сөз айшықтары, оқшау сөйлемдері бар [1]. Кейіпкерлері қиялдан туған жалмауыз, жезтырнақ, мыстан кемпір, алып дәу және солармен күрескен батырлар болып келеді. Сонымен қатар адамға көмектесетін қанатты тұлпарлар, құстар да қиялдан туған бейнелер. Қиял-ғажайып ертегілері адамдардың арманы мен қиялын танытады, болашаққа деген сенімін білдіреді. Ертегінің қарапайым кейіпкері арманына жету үшін жолында кездескен барлық кедергілерді ақылмен, айланымен, достарының көмегімен жеңіп отырады. Қиял ғажайып ертегілер: «Ер Төстік», «Керкұла атты Кендебай», «Ыста тас», «Алтын сақа», «Тас болған шаһар».

Хайуанаттар жайындағы ертегілердің бірінде хайуан мінез-құлықтарын дел хайуанның өзін суреттеу үшін айтпай, адамдағы мінез-құлыққа бейне, тұспал, мысал есебінде қолданған екінші бір түрі - хайуанды анық хайуан етіп суреттейді деп, екі түрге бөлген. Аталған тақырыптағы ертегілердің ерте кездегі қиял-ғажайып ұғымдарға байланысты туған үлгілерінде, кейбір хайуанаттарды жаратушы, жарылқаушы, керемет күн бейнесінде алғандығы, ертедегі адамдардың оларды ие тұтып табынғандығы байқалады [2]. Бұл топқа «Ақ қасқыр», «Жігіт пен қасқыр», «Сырттандар», «Аю, қасқыр, түлкі, бөдене», «Түлкі мен

тырна», «Үйшік», «Аю, түлкі және арыстан», «Қоянның зары», «Күшік пен мысық» т.б. ертегілер жатады.

Салт ертегілерді, яғни шыншыл – реалистік ертегілер деген жөн. Шыншыл ертегілер өте кенже туған, сол үшін өмір құбылыстарын тереңірек қамтитын, мифология тілінен арылған, таптық-әлеуметтік табиғаты айқын туындылар болды. Онда феодализм қайшылығы, содан туатын адам мінезіндегі эгоизм мен коллективтік ұғымдар молырақ суреттеледі. Бұлардың ішінде көшпелі өмір суреті, күлдіргі әңгімелер, шығыстан келген сюжеттер, ислам дінін сынайтын ертегілер де баршылық. Бұларды халықтық мазмұны басым ертегілер дейміз [3]. Тұрмыс-салт ертегілерінің кейіпкері қарапайым адамдар. Адамдардың шыншылдығы, озбырлығы және өмірдегі қиындықтар жайлы баяндалады. Бұл ертегілер өте қысқа, сюжеттері бір бағытта болып келеді. Тұрмыс-салт ертегілерде қойшы малшы, бақташылардың тұрмысы суреттеледі. Қазақ халық ертегілерінің ерекшелігі — өмірде болатын жағдайлар мен болмайтын нәрселердің араласып отыруы. Тұрмыс-салт ертегілеріне «Аяз би», «Алдар Көсе», «Таза бұлақ», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Ақылды етікші», «Хан мен уәзір», «Өнеге» сияқты шағын, тәрбиелік мәні зор ертегілер жатады. М. Ғабдуллин тұрмыс-салт ертегілердің қиял-ғажайып немесе жануарлар жайындағы ертегілерден бірнеше ерекшеліктерін атап өтеді. Біріншіден, қиял-ғажайып немесе жануарлар жайындағы ертегілерде фантастика басым келсе, тұрмыс-салт ертегілерде ол өте аз кездеседі. Екіншіден, тұрмыс-салт ертегілерден өмірде болған, не болуға тиісті оқиғалар басты орын алады. Үшіншіден, мұнда алып дәу, жезтырнақ, мыстан, т.б. қияли кейіпкерлер болмайды, нақты адам бейнесіндегі кейіпкерлер болады [4].

Ертегілер бізге сонау ерте заманнан келді. Ертегіге біз сенеміз, ондағы оқиғалар кейде өзімізбен болып жатқандай, қорқынышты жерінде көзімізді жұмамыз. Ең негізгісі – бәрі де жақсы аяқталатынына сенеміз. Қазақ халық ертегілері тұнып тұрған даналық. Қазақ кейіпкерлері батылдық, батырлық, мейірімділік секілді адами қасиеттерімен ғана көрініп қоймайды, сонымен қатар жақсылық зұлымдықтан үстем шығады. Жағымды кейіпкерлер арасында батырлар да, қарапайым адамдар да, және әйелдер бейнесі де бар. Мысалы:

«Бай баласы мен жарлы баласы» атты қызықты ертегі арқылы еңбек адамның кез келген қиыншылықты жеңуге үйрететінін және өмірлік тәжірибесі арқылы жеңіске жететінін көреміз және «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген мақалды дәлелдей түседі.

«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі аңғалдықтың кесірін, шапшандықтың пайдасын айтады. Онда аңқау түйе жыл басынан құр қалады, шапшан тышқан жыл басы атанады.

«Шық бермес Шығайбай» ертегісі сараң, қайырымсыз байларды қарапайым кедей Алдардың ақылмен алдап кетуін баяндайды.

Ертегіні жұрт қолы боста, қыстың ұзақ кештерінде айтқыш, тындағыш болады. Бірақ бұған қарап «ертегі» еріккеннің ермегі деп ойламау керек. Ертегі де фольклордың ішіндегі қоғамдық, тарихтық, саясаттық маңызы мол халық шығармасының бір түрі [5]. Халық ертегілерінде елдің даналық, тапқыр ой-пікірлері жинақталып, әрі көркем, әрі жеңіл тілмен берілетіндіктен, балалар оны сүйіп оқып, бар ықыласымен сүйсіне тыңдайды. Басталған жерден-ақ оқиғасы қызықты, ұшқыр қиялды болып келеді де, баланың ойын бірден қызықтырып, жетектеп әкетеді. Ертегілердегі адам бейнелерінің барлық жағынан әбден жетіліп, балалардың жалпы психикалық даму ерекшеліктерімен байланысты болуы да оларды аталған жанрға қызықтыратын тағы бір ерекшелік деуге болады. Қазақ халық ертегілері – тәрбиенің айнымас көмекші құралы, олар бізге түсінікті тілде өмір туралы, қиын жағдайлардан шығу жолдарын көрсетеді. Ертегілер өмір бойғы тәртібімізді, қарым-қатынасымызды қалыптастырады, шыдамдыққа, қайсарлыққа, болашаққа міндеттер қойып, соған жетуге үйретеді. Ертегі ойлау қабілетін, қиялдауға да көп септігін тигізеді.

Қазақ халық ертегілері жас ұрпақты тәрбиелеумен қатар, олардың бойына өз халқының игілігін дарытып, ана тілінде ойлау және мәдениетті сөйлеуіне, сауатты жазу дағдыларына барынша мол әсерін тигізеді. Сонымен қатар, қазақ халық ертегілерін пайдалану оқушыларды қызықтырады, дұрыс сөйлеуге үйретеді, логикалық ойын жетілдіреді.

Адамның балалық шағы ертегімен тығыз байланысты. Біз әжемізден ертегі айтып немесе оқып беруін жиі сұраймыз. Сиқыры бар оқиғаларды тыңдауды тағаттана күтеміз. Көңілді де аянышты, қорқынышты да күлкілі олар бізге біраздан таныс. Олармен біздің әлем, жақсылық пен жамандық, әділет туралы алғашқы көзқарастарымызды қалыптастырады. Бір қарағанда жәй кішкентай ғана әңгіме сияқты, ал шын мәнінде осы әңгімелерде халық даналығы, мейірімдік пен зұлымдық туралы түсінік жатыр. Кейде өмірде қиын жағдайлар кездесіп жатады. Не істеу керек? Қандай дұрыс шешім қабылдау керек? Осы сұрақтарға жауап табу үшін ертегі бізге асығады.

Қазіргі таңда ертегімен қызығатын, ертегі оқып, тындап отыратын балалар саны азаюда. Заман дамығасын үлкені де, кішісі де телефонмен қызығып, күні түні телефон қарауға асығады. Әжелердің көбісі де немере, шөберелеріне ертегі, аңыз-әңгіме, батырлар жырын айтып беруін азайтты. Ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам тәрбиесі. Ендеше, ақпараттық технологилар дамыған кезеңдегі балалардың ой-қиялдарын өз ертегілері арқылы жеткізу мүмкіндігі бар. Адамгершілік тәрбиенің нәтижесі адамдық тәрбие болып табылады. Адамгершілік тақырыбы мәңгілік. Ол ешқашан ескірмек емес. Жас ұрпақтың бойына адамгершілікті сіңіру ертегі арқылы беріледі. Адамгершіліктің қайнар бұлағы-қазақ ертегілерінде. Ертегілер адам баласының жастайынан жақсы мен жаманды ажыратуға, жақсы адам болуға, әділдік пен адалдықты жақтауға, ержүрек батыр болуға тәрбиелейді. Ертегі оңай, түсінікті тілмен берілсе де, әзілге жақын болса да, мән мағынасы жағынан терең, жас балаға да, ересек адамға да үйретері көп фольклорлық жанр.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Жақыпов Ж.А. Қазақ лингвофольклортануы: тілдік-жанрлық зерттеу. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, - 2020 – 76.
2. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: «Рауан» баспасы, - 2013 – 160 б.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. - Алматы: Ғылым, - 1987 – 60 б.
4. Жақыпов Ж.А. Қазақ лингвофольклортануы: тілдік-жанрлық зерттеу. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, - 2020 – 331 б.
5. Қазақ ертегілері. – Алматы: Жазушы, - 2009 – 3 б.

УДК 124.2

#### **ИБН ХАЛДУН: МЕМЛЕКЕТ ПЕН САЯСАТ ТУРАЛЫ ОЙ-ТОЛҒАНЫСТАРЫ**

**Шәді Қарақат**

[karakat.shadii@bk.ru](mailto:karakat.shadii@bk.ru)

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті «Философия және этика» білім бағдарламасының студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – Р. Кемербай

Әбу Зейд Әбдіррахман ибн Мұхаммед ибн Халдун әл-Хадрами әл-Ашбили шамамен 1332-1406 жылдары өмір сүрген (XIV-XV ғасырлар) ғұлама, Туннистік философ, тарихшы, әлеуметтанушы. Экономика, мемлекет, қоғам, демография сияқты салаларда өз еңбектерін жазған ойшыл. Оның ой-толғаныстары, идеялары, өзінің замандастарына түсінікті, қызықты болған жоқ. Оның ойларын, түсіндірмелерін сол кезде өзекті деп саналмады. Бірақ, Ибн-Халдунның саяси, әлеуметтік, экономикалық ой тұжырымдары, сол кезде де, бүгінгі күнде де өзекті болғанымен, оның идеяларын, фәлсапасын түсінікті түрде талдап беретін ғалымдар өте аз. Ибн Халдун өмірінің кейбір кезеңдерін, оның достары мен шәкірттері жазып қалдырған. Жас кезінде құран, мұсылман құқығы, логика, араб әдебиетін оқыған. Сол замандағы атақты ойшылдардың дәрісін тындап өседі. Жиырма жасында Тунистегі сұлтан кеңсесінің хатшысы қызметіне тағайындалып, үлкен тәжірибе жинайды. Әйгілі дипломат, әскери басшы